

2. Сатылатын шикі мұнайдың, газ конденсатының нарықтық бағасы McGraw-Hill Companies Ink компаниясының Platts Crude Oil Marketwire көзінде жарияланатын ақпаратқа сәйкес салық кезеңінде Юралс Жерорта теңізі (Urals Med) және Күні көрсетілген Brent (Brent Dtd) күн сайынғы баға белгілеудің орташа арифметикалық мәні ретінде белгіленеді.

3. Сатылатын шикі мұнайдың, газ конденсатының күн сайынғы орташа арифметикалық нарықтық бағасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$P = (C_1 + C_2) / 2;$$

P - сатылатын шикі мұнайдың, газ конденсатының күн сайынғы орташа арифметикалық нарықтық бағасы;

C₁ - биржаның ашылу сәтіне сатылатын шикі мұнайдың, газ конденсатының күн сайынғы орташа арифметикалық нарықтық бағасы;

C₂ - биржаның жабылу сәтіне сатылатын шикі мұнайдың, газ конденсатының күн сайынғы орташа арифметикалық нарықтық бағасы.

C₁ және C₂ мынадай формулалар бойынша анықталады:

$$C_{1.1} = (C_{\text{ю.ж.1}} + C_{\text{к.б.1}}) / 2$$

$$C_{2.1} = (C_{\text{ю.ж.2}} + C_{\text{к.б.2}}) / 2;$$

C_{ю.ж.1} - биржаның ашылу сәтіне Юралс Жерорта теңізі баға белгілеуі;

C_{ю.ж.2} - биржаның жабылу сәтіне Юралс Жерорта теңізі баға белгілеуі;

C_{к.б.1} - биржаның ашылу сәтіне Күні көрсетілген Brent баға белгілеуі;

C_{к.б.2} - биржаның жабылу сәтіне Күні көрсетілген Brent баға белгілеуі.

4. Салық кезеңінде сатылатын шикі мұнайдың, газ конденсатының нарықтық бағасы мынадай формула бойынша анықталады:

$$S = (P + P_1 + \dots + P_n) / n;$$

S - салық кезеңінде сатылатын шикі мұнайдың, газ конденсатының нарықтық бағасы;

P_n - салық кезеңінің ішінде осындай баға белгілеудің жарияланым күндерінде сатылатын шикі мұнайдың, газ конденсатының күн сайынғы орташа арифметикалық нарықтық бағасы;

n - салық кезеңінің ішінде осындай баға белгілеудің жарияланым күндерінің саны.